



С5+1: Ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқан саммит

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Вашингтон қаласында өткен «Орталық Азия – АҚШ» саммитіне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақ үйде тарихи кездесу ұйымдастырғаны үшін АҚШ Президентіне алғыс айтып, С5+1 форматындағы саммит шын мәнінде Орталық Азия мен Құрама Штаттар арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне жол ашқанына назар аударды.

Мемлекет басшысы АҚШ Президенті Дональд Трамптың халықаралық саясаттағы рөліне айрықша тоқталып, оны көрнекті мемлекет қайраткері деп бағалады.

– Сіз жүргізіп отырған парасатты және батыл саясатты бүкіл әлем қолдауға лайық деп санаймын. Мен де Сіздің ұстанымдарыңызды қуаттаймын. Сіздің жетекшілігіңізбен Америка алтын дәуірге қадам басты. Біз «Американы қайта-

дан ұлы елге айналдыру» (Making America Great Again) деп аталатын көреген тәжрыйымаңызды жоғары бағалаймыз. Бұл мақсат «Заң және тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті, Қуатты Қазақстан құруды көздейтін ауқымды стратегиямызбен үндеседі. Бітімгер Президент ретінде сегіз айдың ішінде сегіз соғыстың тоқтауына ықпал еттіңіз. Осылайша, Американың халықаралық тәрақтылыққа тірек болған рөлін айтарлықтай күшейте түстіңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанның Құрама Штаттармен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады.

– Қазақстан мен АҚШ арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты дамытуды ұдайы қолдап келесіз. Мен мұны жоғары бағалаймын. Ақ үйде Президент лауазымын атқарған алғашқы кезеңде біздің қарым-қатынасымыз кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейінде заңнамалық тұрғыдан бекіді. АҚШ–Қазақ-

станға 100 млрд доллардан аса қаржы салған ең ірі инвесторымыз, экономикамыздың қозғаушы күші саналады. Соңғы жылдары елдеріміз арасындағы тауар айналымы екі есе өсіп, 5 млрд доллар межесіне жуықтады. Америкадағы уранға сұраныстың шамамен 25 пайызын қамтамасыз етіп отырмыз. Қазақстанда 600-ден астам америкалық компания бизнес жүргізеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында екі ел компаниялары жалпы сомасы 17 млрд доллардан асатын келісімдер жасасқанын айтты.

Жалпы, Қазақстан мен АҚШ-тың энергетика, аса маңызды минералдар, өнеркәсіп, көлік, қаржы, жасанды интеллект, білім секілді негізгі салаларды қамтитын экономикалық әлеуеті жарты трлн доллардан асады.

Президент америкалық компанияларды елімізде инвесторлар үшін жасалған оңтайлы жағдайды пайдалануға шақырды. Тіпті оларға өзі қолдау көрсететінін жеткізді.

Қазақстанда NVIDIA негізіндегі тәуелсіз жасанды интеллект хабы құрылады

ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен Freedom Holding Corp. егеменді эксафлопстық NVIDIA инфрақұрылымы және таланттарды дамыту бағдарламалары негізінде Қазақстан мен Орталық Азияның жасанды интеллект саласындағы көшбасшылығын нығайтуға қатысты жоспарларын жариялады.

Бастамаға сәйкес жоба кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Оның аясында Қазақстанның тәуелсіз ЖИ-хабы құрылады. Оны Freedom Holding Corp. басқарып, NVIDIA-ның озық есептеуіш технологияларымен жабдықталады. Министрлік өз тарапынан ауқымды AI-инфрақұрылымды орналастыру мен пайдалануға қолайлы жағдай жасайды, сондай-ақ инженерлер мен ғалымдарды даярлауға арналған ЖИ академиясы мен ғылыми-зерттеу

ЖИ-экожүйесін дамытуға, инновацияларды ілгерілетуге және кадрларды даярлауға деген ортақ ұмтылысын көрсетеді.

«NVIDIA компаниясымен ынтымақтастық-Қазақстанның жасанды интеллект саласындағы ұлттық стратегиясын жүзеге асырудағы маңызды қадам. Біз тәуелсіз AI-экожүйесінің іргетасын қалыптастырып жатырмыз. Бұл экономикамызды нығайтып, бәсекеге қабілеттілікті арттырады, бүкіл өңір үшін жаңа мүмкіндіктерді ашады», – деді Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев.

«Қазақстанның әлемдік жасанды интеллект нарығындағы позициясын нығайтуға бағытталған осы ауқымды бастаманың бір бөлігі болғанымызға қуаныштымыз. Біз-



зертханасын құру сынды бастамаларды қолдайды.

Жобаға 2 миллиард доллар инвестиция тарту жоспарланып отыр. Ол қуаттылығы 100 МВт болатын қолжетімді энергиямен Қазақстан аумағында жүзеге асырылады. Freedom Holding Corp. жобаның негізгі инвесторы және операторы болуды жоспарлап отыр.

Серіктестік Қазақстан мен Орталық Азияның қарқынды дамып келе жатқан цифрлық экономикасы үшін қажетті

дің тәжірибемізді NVIDIA-ның озық технологияларымен және Министрліктің стратегиялық көзқарасымен біріктіре отырып, жасанды интеллект саласындағы инновациялардың дамуы мен саланы Орталық Азия өңірінде дамытуға атсалысамыз», – деп мәлімдеді Freedom Holding Corp. компаниясының бас атқарушы директоры Тимур Турлов.

«Созақ үні»-ақпарат.

Цифрлық даму министрлігі мен Groq ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды



Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мен АҚШ-тың Groq, Inc. компаниясы озық есептеу жүйелері мен жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты дамытуға бағытталған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Құжат Қазақстанда Groq инфрақұрылымын орналастыруды, Alem.AI және Astana Hub базасында пилоттық жобаларды іске қосуды, сондай-ақ жоғары өнімді есептеулер (HPC), жасанды интеллектті дамытуға арналған ұлттық және өңірлік бағдарламаларды қолдау үшін «бұлтты» деректер орталықтарын құруды көздейді.

Сонымен қатар, Groq Қазақстанда технологияларды жергіліктендіруді және бірлескен жобаларды дамыту үшін инновациялық орталық немесе ресми өкілдігін ашу мүмкіндігін қарастыруда.

Баспасөз-2026

Баспасөзге жазылыңыздар!

Құрметті басылымға жазылушылар! Ауданымыздың төл басылымы «Созақ үні» газетіне 2026 жылдың I-ші жарты жылдығына жазылу мерзімі басталды. «Созақ үні» газетіне жазылу үшін:

«Ернұр-пресс» мекемесі арқылы-алты айға 3612 теңге.
«Қазпошта» мекемесі арқылы алты айға- жеке азаматтар үшін-3972 теңге 36 тиын, мекемелер үшін-5172 теңге 36 тиын.

Редакцияға келіп тікелей жазылушылар үшін, алты айға- 3000 теңге.

«Созақ үні» газеті редакциясы.

Қаратау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қаратау ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев, дербес бөлімдер мен мекеме басшылары қатысты.

Кездесуде округ әкімі Сәулет Естауов атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы өз сөзінде аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан жобалар мен тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған бастамаларға тоқталды. Әсіресе елді мекендерді ауыз сумен қамту, жолдарды жөндеу, көше жарығын орнату және абаттандыру жұмыстары жөнінде кеңінен айтып өтті.

Биыл Қаратау ауылында тұрғындарды тәулік бойы сапалы ауыз сумен қамтуға бағытталған жоба жүзеге асуда. «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ-ның еншілес мекемесі—«Волковгеология» АҚ демеушілігімен хңғыма құдықтар қазылуда.

Сонымен қатар «Ауыл құтқарушысы» жобасы аясында өрт сөндіру бекетінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Мал тоғыту орнының құрылысы да жалғасуда. Жыл соңына дейін ауылдық округке қарасты елді мекендердің ішкі көшелері 100 пайыз жарықтандырылмақ.

Ақсүмбе мен Сарыжаз ауылдарында балалар ойыны және кіші футбол алаңдары пайдалануға берілді. Қаратау ауылдық мәдениет үйіне ағымдағы жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ жыл соңына дейін Жиенбет батыр көшесіне заманауи LED экран орнату жоспарлануда.

Кездесу барысында тұрғындар өз ұсыныс-пікірлерін білдіріп, сауалдарын жолдады. Аудан басшысы көтерілген мәселелердің әрқайсысына жекелей тоқталып, шешілуі бойынша нақты тапсырмалар берді.



Аудан басшысы Созақ ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларға кеңінен тоқталды.

Округ әкімі Батырхан Аяпов өз баяндамасында биыл округ аумағында жүзеге асқан және қолға алынған жұмыстармен таныстырды.

Биыл Созақ ауылдық округінде әлеуметтік және инфрақұрылымдық бағыттағы көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Созақ ауылдық



Созақ ауылдық округінде атқарылған жұмыстар мен жоспарлар талқыланды

округі әкімі аппаратының жаңа әкімшілік ғимаратының құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар Шақырық және Созақ елді мекендерін сапалы ауыз сумен қамту мақсатында жүргізіліп жатқан су құбыры желісінің 80 пайызы орындалып, жыл соңына дейін толық аяқталады деп жоспарлануда.

Созақ ауылының Өткелбаев көшесі бойынан бой көтерген спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы да жыл соңына дейін аяқталып, тұрғындардың игілігіне беріледі. Бұдан бөлек, Құрманғазы көшесінен жаңа саябақ пен демалыс орны, №1 колледждің жатақханасы, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған «Жеңіс» аллеясы салынуда. Облыстық маңызы бар тас жол бойына үш аялдама, ал Созақ, Көктөбе және Ыбырай елді мекендерінде воркаут алаңдары

орнатылуда.

Мәдениет саласы да назардан тыс қалған жоқ. Биыл Созақ ауылдық мәдениет үйінің залына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал бұрынғы әкімдік ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, қазіргі таңда «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» әлеуметтік орталығы ретінде пайдалануға әзір.

Инфрақұрылым бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылды. Округ аумағындағы 77 шақырым ішкі жолдың 55,2 шақырымы асфальт, 20,8 шақырымы қиыршық тасты жолдар. Биылдың өзінде Ыбырай елді мекеніне 2,2 шақырым және Көктөбе ауылына кіреберіс жолға жаңа асфальт төселді. Созақ ауылының Матенбаев көшесіне – 520 метр, Құрманғазы көшесіне – 550 метр асфальт жабындысы салынды. Сонымен бірге тұрмыстық қалдық полигонына баратын жолға 3,5 шақырым, Рысбек көшесіне

2,2 шақырым, Ауезов көшесіне 800 метр және Ыбырай елді мекенінің көшелеріне 2 шақырым қиыршық тас төселді.

Ауыл орталық алаңына 3000 шаршы метр асфальт төселіп, көріктендіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы ұзындығы 51,5 шақырым көше жарықтандырылып, округ бойынша 100 пайыз жарықпен қамтылды. Бұл мақсатта бес жаңа трансформатор орнатылуда. Сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ауылдың ішкі және сыртқы көшелеріне бейнебақылау камералары орнатылып, LED экран қойылуда.

Кездесу соңында ауыл тұрғындары атқарылған жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, бірқатар келелі ұсыныстарын ортаға салды. Сонымен қатар бірнеше азамат жеке мәселелері бойынша жүгінді.

Қарақұр ауылының ішкі жолдары 100 пайыз асфальтпен қамтылды



Қарақұр ауылында 20,3 шақырым негізгі ішкі автомобиль жолдары бар. Биылғы жылы оның 6,3 шақырымы асфальтталып, бүгінде ауылдың барлық негізгі көшелері толықтай асфальтпен қамтылды.

Бұл туралы аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің Қарақұр ауылдық округі тұрғындарымен өткен кездесуінде айтылды.

Жиында округ әкімі Ғалым Бимендиев ауылдық округте атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасап, биылғы жылдың басты жетістіктеріне тоқталды.

Аудан басшысы тұрғындарға аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобалар жөнінде хабарлап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, көтерілген мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

Кездесуден кейін жеке мә-

селелері бойынша жүгінген тұрғындарды жеке қабылдап, әрбір өтінішке жеке тоқталды. Айта кетейік, бүгінгі таңда ауылдың негізгі көшелерінде жол белгілері мен жол көдергілері орнатылып, қозғалыс қауіпсіздігі күшейтілді. Сонымен қатар түнгі жарықтандыру жүйесі жаңартылып, ауыл көшелері 100 пайыз жарықпен қамтылды.

Ауылдың орталық көшелеріндегі жарық бағаналары безендіріліп, көріктендіру жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, Созақ-Бақырлы бағытындағы жол бойындағы қабырғаға «Қарақұр – құт мекенім» деген жазуы бар тақтайша орнату жұмыстары қолға алынды.

Қазіргі таңда Қарақұр ауылындағы Наурыз көшесінде балалар ойын және шағын футбол алаңшаларының құрылысы жүріп жатыр. Сондай-ақ Шаға елді мекенінің орталығында да балалар ойын алаңшасы салынуда.

Сызған ауылдық округінде кешенді даму жобалары қарқынды жүзеге асуда

Аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы жұмыс сапарымен Сызған ауылдық округінде болып, тұрғындармен кездесті. Кездесуде ауданда әлеуметтік-экономикалық даму бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен өзекті мәселелерге кеңінен тоқталды.

Округ әкімі Базар Жаппарқұлов биыл жүзеге асқан ірі жобалар мен атқарылған жұмыстар жайында баяндады.

Биыл Сызған ауылдық округінде кешенді даму жобалары қарқынды жүзеге асуда. Ағымдағы жылдың сәуір айында ұзындығы 13,3 шақырым болатын «КХ-110» бағытындағы Қозмолдаққа дейінгі облыстық маңызы бар автомобиль жолының құрылысы аяқталып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Қозмолдақ елді мекеніндегі футбол алаңшасы жаңартылып, қайта пайдалануға берілді. Сондай-ақ Қ.Тоқмұхамедов және Ж.Дәуітбаев көшелерінде ұзындығы 2,3 шақырым болатын жаңа аяқжол төселді.

Балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізу үшін Қайнар, Қозмолдақ және Басбұлақ елді мекендерінде ойын алаңшалары орнатылды. Ал Қозмолдақтағы Қ.Рүс-



темов көшесінде ересектерге арналған воркаут алаңы салынды.

«Ауыл-ел бесігі» жобасы аясында Қайнар елді мекенінің Қайнар-Бұлақ, Ж.Әділбеков және Б.Әметшеев көшелеріне жалпы ұзындығы 7,9 шақырым асфальт төселіп, ауылшілік жолдардың сапасы жақсарды.

Көшелерді жарықтандыру бағытында да айтарлықтай ілгерілеу бар. Атап айтқанда, Сызған, Қайнар, Қозмолдақ және Басбұлақ елді мекендерінде жалпы ұзындығы 12,9 шақырым көше жарығы орнатылды.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатында Қозмолдақ ауылында жабық үлгідегі футбол алаңы салынып, пайдалануға

берілді. Сонымен бірге округ аумағында төрт көпірдің құрылысы жүргізілді. Оның қатарында Қозмолдақ-Басбұлақ бағытындағы көпір, Т.Төреханов көшесіндегі және Е.Алдасүгірұлы көшесіндегі екі көпір бар.

Қазіргі таңда Сызған ауылдық округі аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды таситын полигонның құрылысы жүруде. Бұған қоса ауылдық клубқа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, мәдени қызмет сапасы артып келеді. Жиын барысында бірқатар тұрғындар өз ұсыныстарын ортаға салса, бірнеше азаматтар жеке мәселелері бойынша жүгінді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Жаңа өрт сөндіру бекеттері ашылды

Аудан орталығынан шалғайда орналасқан Жуантөбе және Қаратау ауылдық округі, Бақырлы елді мекенінен Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауыл құтқарушылары» бағдарла-

дасов өз сөзінде шалғай ауылдарда мұндай бекеттердің ашылуы—тұрғындардың өмірі мен мүлкін қорғауға, төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін маңызды әрі тарихи қадам екенін



масы аясында жаңа өрт сөндіру бекеттері пайдалануға берілді.

Шараға Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Әрінов, Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, сала қызметкерлері мен жергілікті тұрғындар қатысты.

Жиын барысында министр Шыңғыс Әрінов тұрғындарды жаңа нысандардың ашылуымен құттықтап, олардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығына тоқталды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жол-

атап өтті.

Жуантөбе мен Қаратау ауылдық округі, Бақырлы елді мекенінен ашылған өрт сөндіру бекеттерінің әрқайсысы 144 шаршы метрді құрайды. Заманауи талаптарға сай салынған нысандар қажетті техника және құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Әр бекетке жергілікті 10 адамнан тұрақты жұмыс орнымен қамтылады.

Жаңа бекеттер іргелес елді мекендерге де қызмет көрсетеді. Бұл аудан орталығынан алыс орналасқан елді мекендердің қауіпсіздігін арттырып, өрт және төтенше жағдайлардың алдын алу мен салдарын жою ісін жеделдетуге мүмкіндік береді.



Аудандық көшпелі семинар-тренинг

Таяуда Созақ АПБ Әйелдерді зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі инспекторы, полиция майоры Айжан Манапованың қатысуымен Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында «Цифрлық дәуір: жасөспірімдердің денсаулығы» және «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыптарында аудандық көшпелі семинар-тренинг өтті. Іс-шараны Созақ ауданының білім бөлімі, АПБ ҚҚБ ОТЗЗҚКТ, аудандық орталық аурухана, аудан әкімінің ішкі саясат бөлімі және «Отбасын қолдау орталығы» бірлесіп ұйымдастырды. Мақсаты жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, кибербуллинг, құқық бұзушылық, ерте жүктілік және тәуелділіктің алдын алу, сондай-ақ олардың психологиялық және құқықтық сауаттылығын арттыру. Семинар барысында түсіндірме және тренингтік жұмыстары жүргізілді. Қатысушылармен пікір алмасып, кері байланыс орнатылды. Қолдау көрсеткен әріптестеріміз бен қатысушыларға алғыс білдіреміз!

Сондай-ақ А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектеп

базасында да «Цифрлық дәуір әлеміндегі жасөспірімдердің денсаулығы», «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыптарында аудандық көшпелі семинар-тренинг өтті. Іс-шараны Созақ ауданының білім бөлімі, АПБ ҚҚБ ОТЗЗҚКТ, аудандық орталық аурухана, аудан әкімінің ішкі саясат бөлімі және «Отбасын қолдау орталығы» бірлесіп ұйымдастырды. Мақсаты жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, кибербуллинг, құқық бұзушылық, ерте жүктілік және тәуелділіктің алдын алу, сондай-ақ олардың құқықтық және психологиялық мәдениетін арттыру. Семинар барысында «Жасөспірімдер және ересектер арасындағы деструктивті мінез-құлықтың алдын алу» —білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің психология әдіскері Ерденнова Жансая; «Жасөспірім және заң алдындағы жауапкершілігі» — АПБ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау

инспекторы, полиция майоры Айжан Манапова; «Цифрлы әлем: қауіпсіз балалық шақ» білім бөлімінің әдіскері Н.Қуанышбаева; «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» —Отбасын қолдау орталығының маманы Манабаева Айжан, Ерденнова Жансая — «Ана мен қыз баланың қарым-қатынасы» тақырыбында психологиялық ойын өткізді; Ыдырысова Құралай — 8–10 сынып ер балаларымен «Эмоциялық шекараны қорғау — зорлықтың алдын алу» тренингін жүргізді; Сырғабоева Ақбота және Керімбай Айгүл — 8–10 сынып қыздарымен «Мен ғажаппын!» атты психологиялық жаттығулар өткізді. Семинар соңында қатысушылар пікір алмасып, кері байланыс жасады. Іс-шара жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыруға және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

«Қызмет алушылар күні» іс-шарасы өткізілді

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен «Сервистік және клиентке бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыруға бағытталған қадамдық жоспарға» сәйкес «Қызмет алушылар күні» іс-шарасы ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты — тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, қолжетімділігін қамтамасыз ету және халықпен тікелей кері байланыс орнату.



Аталған шараға Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі, Созақ ауданы мансап орталығы филиалының және Созақ ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының жауапты мамандары қатысты. Іс-шара аясында «Кәсіпкерлікке-рұқсат құжаттарын, лицензияны рұқсатты, бизнесті дамытуға және қолдануға арналған гранттарды, оның ішінде заңнамадағы жаңалықтарды, салық режимі, бизнесті қолдауға арналған қолданыстағы бағдарламаларды және т. б.» тақырыптарға сай азаматтарға кеңес берілді. Тұрғындардың сұрақтарына нақты әрі толыққанды жауаптар ұсынылды. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алу тәртібі туралы ұнпақтар таратылды.

Алғысымыз шексіз!

Ардақты әкеміз Ұлы Отан соғысының ардагері, ардагер ұстаз, Созақ ауданының Құрметті азаматы Жылысбаев Мырзахмет ақсақалдың ұрпақтары мен жақын туыстары атынан әкемізді көзі тірісінде ардақтап, құрметтеген, өмірден өткен соң да елдің ардақты аза-

маты екендігін қадірлеп соңғы сапарына арулап шығарып салған аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлына, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Мырзабекұлына, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Аманбекұлына, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Жексенбайұлына, аудан әкімі аппараты қызметкерлері мен Сызған ауылдық әкімі аппаратына, мекеме, бөлім, өндіріс орындарының басшыларына, қоғамдық ұйымдарға және жанашыр жалпы аудан жұртшылығына шексіз риза-

шылығымызды білдіреміз! Алла Тағала барлық азаматтарға әкеміздің ғибратты ғұмыры мен ұзақ жасаған өмірін берсін! Өзіміздің төл басылымымыз, әкеміздің үздіксіз санын үзбей оқитын тоқсан бесжылдық тарихы бар «Созақ үні» газеті арқылы ағайындарымызмен ақылдаса отырып алғыс білдіруді жөн санадық. Өмірлеріңіз ұзақ, ғұмырларыңыз баянды болсын!

Ізгі ниетпен:
ұлы Серік Жылысбаев,
Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің еңбек ардагері.

Аудан әкімінің халықпен есепті кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1	Қаратау ауылдық округі Ақсұмбе елді мекенінде 700 метр көшеге, Сарыжаз елді мекенінде 700 метр көшеге, Бақырлы елді мекеніндегі Жиенбет батыр көшесіне 1200 метр, Домбайлы көшесіне 1000 метр жарықтандыру жұмыстарын жүргізісін.	Мерзімі: 30.11.2025 жыл	С.Естауов
1	Қарақұр ауылдық округі Созақ-Бақырлы бағытындағы автомобиль жолына жарықтандыру жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 30.11.2025 жыл	Ф.Бимендиев
2	Шаға елді мекеніндегі балалар ойын алаңы, Қарақұр елді мекеніндегі балалар ойын алаңы мен футбол алаңдарының құрылыс жұмыстарын аяқтауды қамтамасыз етсін.	Мерзімі: 30.11.2025 жыл	Ф.Бимендиев
1	Созақ ауылдық округі Созақ елді мекеніне воркаут алаңын салуды, Көктөбе елді мекеніндегі балалар ойын алаңына жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталсын.	Мерзімі: 30.11.2025 жыл	Б.Аяпов
2	«Жеңіс», «Көтерілістің 70 жылдығы» саябақтарында жүріп жатқан жөндеу жұмыстарын сапалы әрі мерзімінде орындауды қамтамасыз етсін.	«Мерзімі: 30.11.2025 жыл	Б.Аяпов
1	Сызған ауылдық округі Қозмолдақ елді мекеніндегі атауы жоқ №1 көшеге 1600 метр жарықтандыру жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 30.11.2025 жыл	Б.Жаппарқұлов
2	Сызған елді мекеніне балалар және воркаут алаңшасын салу жұмыстары жүргізілсін.	Мерзімі: 30.11.2025 жыл	Б.ЖаппарқұловБ

Б.Аленов,
Ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы

Атом кемесінің апаты

Ерлікпен қаза тапқан теңіз тарланы Талант Бөріқұлақов туралы

2017 жылы маусым айындағы «Ана тілі» газетінің кезекті санында «Сұңғуір қайық апаты» атты жазушы Сөйіл Боранбаевтың деректі мақаласын көзім шалды. Онда 1989 жылы 7 сәуірде Норвегия теңізіндегі Медвежий аралынан оңтүстік батысқа қараған тұста кеңестік «Комсомолец» атом сұңғуір қайығы апатқа ұшырап, Ресейдің Солтүстік флотының 1-флотилиясы 6-дивизиясының құрамына қарайтын әйгілі кеме экипажының 69 мүшесінің 42-сі қаза тапқаны, олардың ішінде қазақ жігіті, Солтүстік флоты сұңғуір қайықтар құрамасы саяси бөлімінің бастығы, 1 рангілі капитан Талант Әметжанұлы Бөріқұлақовтың та болғаны туралы жазылады. Иә, жалпы бұл атом сұңғуір кемесінің қайғылы апаты туралы біз сол жылдары Кеңес армиясы қатарында Германияда жүргенде естіген болатынбыз. Бірақ ол уақытта еңжей-тегжейлі ештеңе жазбаған болатын. Жақында Қаратау ауыл әкімдігіне қарасты Ақсұмбе ауылының тумасы Бөріқұлақов Руслан ініммен жүздесіп, «осы батырдың фамилиясы сендермен тектес екен, ол кісі сендердің туыстарың емес пе?» деген едім. «Аға, расында бұл біздің көкеміз болады» деп жауап берді. Осыдан кейін мейлі басқа аумақтан болса да қазақ батырына Созақтың да бір жақындығы барын сезіп ол кісі туралы мәліметтер жинауға кірістім. Талант Бөріқұлақов қаза болғаннан кейін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Перзентіне Талант деп ат қойған әкесі Әметжан Бөріқұлақұлының өзі де таланттан кенде емес еді. Сыр өңіріне танымал жыршы болды. Гитлершілдермен болған соғыста омырауына орден-медалдарын тағып, елге оралғаннан кейін шаруашылықтарда жауапты қызметтер атқарған азамат екен. Оқырман қауымға ұсынылып отырған белгілі қаламгер Сөйіл Боранбаевтың және кезінде ержүрек азаматпен бірге әскери борышын өтеген інісі Қайрат Шабановтың мақалаларында Талант Әметжанұлының тағдыры өмірі, адамгершілік қасиеттері сөз болады.

1989 жылдың сәуір айының бас кезінде болған қайғылы оқиға туралы хабар жер шарына жедел тарап, бүкіл дүниені дүрліктіріп жіберді. Талай жандар картаға үңіліп, Норвегия жағалауындағы Медвежий аралын іздеді, талай жүректің үміт жібі үзілмей, жаңадан бір қуанышты хабар күтті. Бірақ шындықтың аты шындық еді. Қатал тағдыр ешкімнің де мұң-зарына қайырылып қараған жоқ. Атом энергетикалық қондырғылы кеңестік торпедалық сұңғуір қайық опат болады да, бір жарым шақырымдық теңіз шыңырауына шөгіп кетеді. Қайық-экипажындағы 69 ержүрек қаһармандардың 42-сі өз Отанының тыныштығын қорғау жолындағы қасиетті іс үстінде, ашық теңіздегі апатпен алысу кезінде теңдесі жоқ ерлікпен көз жұмды. Орталық газеттер сол 42-нің тізімін жариялады. Тізімнің басында тұрған мынадай жолдар көз тартады: «Сұңғуір қайықтар құрамасы саяси бөлімінің бастығы, 1 рангілі капитан Бөріқұлақов Талант Әметжанұлы» деген есім қара әріппен тұрды. «Провда» газеті өзінің 15 сәуірдегі санында жариялаған «Қайғы мен қаһармандық» деп аталатын мақаласында ол туралы: «Теңізде қаза тапқан қайықтың саяси орынбасары Юрий Максимчук пен құрама саяси бөлімінің бастығы 1 рангілі капитан Талант Бөріқұлақовтың жанқиярлық ерлігі туралы. Өз өмірінің соңғы минуттарында саяси қызметкер Талант

Бөріқұлақов әбден әл-дәрмені құрыған офицерді судан төңкеріліп түскен салдың үстіне тартып шығарды» деп жазады. Бөріқұлақов Талант кім?

Бұл отбасылық шежірені Талант көкеміздің баласы десек те болады, ақсұмбелік Руслан ініміздің өзі айтсын.

-Біздің Бөріқұлақ атамыз бай, ауқатты кісі болған. Ол кісіні ел Қасқырқұлақ деп атап кеткен. Батырлығы, домбырашылық өнері, серілігі болған екен. Бөріқұлақтың өзі екі ағайында болған. Өзінен туған балалары да екеу болған. Үлкені менің туған атам Жарқынбек Бөріқұлақов Ұлы Отан соғысының қатысушысы. Інісі Әметжан атамыз да Ұлы Отан соғысына қатысқан. Талант көкеміз сол Әметжан атамның тұңғыш ұлы. Олар кешегі ел басына түскен ашаршылық, қуғын-сүргін, жоқшылық кезінде бірі Өзбекстан, Түркіменстен, бірі Созақ жерін паналаса, бірі Қазалы өңірінде қалып қояды. Әкесі Әметжан Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы «Өркендеу» совхозында ғұмыр кешкен, ұзақ жылдар бойы кәсіподақ қызметкері, Сыр өңіріне танымал жыршы болған,-деді. Таланттың өз өмірімен танысу үшін уақыт тереңіне шегініс жасап, Бөріқұлақовтардың өткен жолына бір сәт көз жіберелік. 1942 жылдың қазаны. Соғыстың нағыз қызып, қанқұйлы жаумен жан алысып, жан берісіп тұрған қиямет шақ. Осы жылы он сегіз жасқа жаңа ғана толған Әметжан Бөріқұлақов та майданға аттанды. Ол да солдатқа тән үлкен және ұзақ жолдан өтті. Бірінші Белорус майданында соғысқа қатысты, кейін кіші ко-



Бірінші рангалы капитан Талант Бөріқұлақов

ның бұл жағдайын Клавдия жақсы түсінді. Сөйтіп, Клавдия ұзақ толғаныстардан кейін Әметжанмен ашық сөйлесті. Қиыспас жандардың қиын әңгімесі: тағдыр жолы сан тарау екен, оған бұлар да лажсыз көнді. Бірақ олар бір-біріне деген шынайы достығы, сыйластығы, көңілдерінің өмір бойы суымасын білді, Талант тағдыры екеуіне де ортақ екендігін біліп, ризашылықпен қоштасты. Міне, сонан бері арада қуанышы мен қайғысы, қиындығы мен



«Комсомолец» атом сұңғуір қайығы

мандирлер даярлайтын курста оқыды, лейтенант атағын алды, взводқа, ротаға командирлік қызмет атқарды. Сөйтіп, соғысты жеңіспен аяқтап шықты. Бірақ соғыс біткеннен кейін де әскер қатарында үш жылға жуық қызмет етті. Бұл жылдар Әметжан үшін әскери өмірден де басқа жаңалықтар әкелді. Медбике болып майданға өзімен қатар қатысқан орыс қызы Клавдия Николаевнамен дәм-тұзы жарасып, көңіл қосты. 1947 жылы 5 мамырда қазақ жігіті Әметжан мен орыс қызы Клавдия перзентті болды. ...Сонан бір жыл өткенде Әметжан Бөріқұлақов Қарулы Күштер қатарынан босатылып, запасқа шықты. Енді ол алты жыл бойы аңсаған алыстағы ауылын, туып-өскен жерін, қартайып, мұның қамқорлығын күтіп отырған ата-анасын ойлады. Мұнда Таланты мен Клавдиясы. Сөйтіп, ол екі жағын да қия алмай, бір тоқтамға келе алмай, күндер бойы әрі-сәрі ой құшағында жүрді. Әрине, жолдасы-

қызығы, ызғары мен жылуы көп жылдар өтеді. Әметжан елге оралғаннан кейін Қызылорда педагогикалық училищесін бітіріп, біраз жылдар мектепте мұғалімдік, кейін Энгельс атындағы совхозда кадр бөлімінің инспекторлығы қызметтерін атқарды. 1968 жылы «Өркендеу» совхозына ауысты да өмірінің ақырына дейін, яғни 1986 жылға дейін, осында кәсіподақ комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. Тұмысынан алғыр, өнерлі, ойлы да, зерделі бұл адамның аудан, облыс көлемінде елдің мәдени, рухани өсуіне де қосқан үлесі көп еді. Әбекеннің елге келіп, үйленген жарынан Базаралы, Талайлы, Балғазы, Марат атты балалары мен Әсемкүл атты қыздары болды. Бірақ ол кісі Талантты әрқашан «балаларымның үлкені, тұңғышым Кеңес Армиясы қатарында саяси қызметкер» деп мақтан тұтып отырады екен. Әметжанның Талантпен, оның анасы Клавдия Николаевнамен байланысы

өмір бойы үзілген емес. Ол Таланттың тәрбиесіне материалдық та, моральдық та жағынан әрқашан көмектесіп отырды. Талант өміріндегі белгілі оқиғаларда ол қашан да баласының қасынан табылатын. Әбекен Таланттың мектепке бірінші класқа барарында, адмирал Нахимов атындағы жоғары әскери-теңіз училищесіне түсерінде, келіні Татьянаға үйленерінде және немерелері Артур мен Наташа туғанда Ленинградқа, Горькийге, Мурманскіге барып, ұлының қуаныштарына ортақтасып жүреді. Талант әскери-теңіз училищесін бітіреді, үшінші рангілі капитан, бригада саяси бөлімі бастығының орынбасары болады. Талант көкеміз бір хатында өзі туралы, Қазақстанға, елге келгісі келетіндігі туралы, іні-қарындастарына деген шынайы сағыныш сезімі туралы жазыпты. «Мен әскери адаммын, сондықтан да өміріміз көшпелі келеді. Оның үстіне менің өзімнің жанымда да, қанымда да туа бітті көшпенділік қасиет бар ғой деп ойлаймын. Алматыны әсем қала деп есітемін, Медеуді бүкіл әлем біледі. Алматыда, Ташкентте, Душанбеде, Фрунзеде болсам деймін...» «Мен бүгін соншама көп хат алдым, сіздерден де. Оған өте қуанып қалдым. Мен інілерім мен қарындастарымның соншама көп екенін бұрын білмеуші едім... Бұл мен үшін әрі бақыт әрі қызық. Солармен кездесем-ау деп армандаймын. Сіздерге міндетті түрде барамын...» Осының бәрінен әкесін, әкесі туған елді, жерді, аға-іні, апа-қарындастарын сағыну мен аңсаудың, оған деген махаббаттың иісі аңқып тұрған жоқ па?! Ол өз бақытын, өзінің өмір жолындағы кездескен сәттіліктерін де халықтың, елдің, жақсы адамдардың тигізген шарапаты деп біледі. Тағы бір хатында: «Өмір мені ешқашан да еркелеткен жоқ. Көрген қиындықтарым да аз емес. Бірақ екінші бір жағынан алғанда менің талабымның бір сәттілігі бар, әрқашан да көздеген мақсатыма жетіп келе жатырмын. Мен мұны өмір жолында әрқашан маған жақсы да ақылды, қайырымды адамдардың кездесуінен деп ойлаймын»-деп жазды.

1976-1979 жылдары Солтүстік флотта сұңғуір қайықта қызмет еткен, Қазалы станциясындағы темір бетон заводының құрылыс шебері болып істейтін Ержігіт Мырзамұратов ағамыз: «Тарихта 1908 жылы Сицилиядағы Миссина қаласында күшті жер сілкірудің салдарынан болған апат кезінде оған ең алдымен орыс теңізшілері көмек көрсеткен екен. Сол оқиғаға 1978 жылы 70 жыл толады. Осыған байланысты біз 1978 жылдың қарашасында сол қалаға достық сапармен барғанбыз, Талантпен кездесуіміз дәл осы сапардан оралуға байланысты. Лианахамри базасында бізді салтанатты қарсы алу кезінде болды. Әскерге бізбен қатар шақырылған, бірақ басқа сұңғуір қайықта қызмет ететін Нарымбетов Оралбек деген шымкенттік жігіт екеуіміз сол күні-ақ Талант Бөріқұлақовты тауып алдық. Біздің қазақ екенімді көріп жүзі алабұртып, қуаныш толқыны ойнап шыға келді. Әкесі, туған-туыстарым туралы айтып, біраз әңгімелесті, жерлестерім деп іш тартты. Ержігіт Талантпен бұдан кейін де талай рет кездескен. Үш рет сапарға бірге шығып, қайық экипажының алдына қойылған міндеттерді бірге орындасқан. Оның сондағы тапқырлығы, табандылығы, біліктілігі, адамға деген қайырымдылығы тек жалғыз Ержігіт ғана емес, басқаларды да тәнті еткен.

Экипаждың әрбір мүшесі оны шын дос, жанашыр, ақылшы деп санаған. Талант Әметжанұлы Бөріқұлақов өз Отанын сүюді, жанының мөлдір тазалығын, ерлігі мен табандылығын, қажет болса жолдасы үшін, басқалар үшін құрбандыққа бара алатындығын өмірімен ғана емес, қиын-қыстау күн туғанда өлімімен де дәлелдеп берді. «І рангілі капитан Борис Григорьевич Коляда су бетінде жүріп әл-дәрменінен айырылды, оны саяси қызметкер офицер Талант Әметжанұлы Бөріқұлақов жалма-жан салға тартып алды. Жолдасын құтқарды, ал өзі әбден әлі бітіп, сол жерде қайтыс болды. —Жаны жайсаң адам еді, —деді көз жасын тия алмаған Б.Коляда. —Су ішінде жүргенде де, отпен арпалыс кезінде де ол өнеге көрсетті...» деп жазды «Труд» газеті. Норвегия теңізінде болған кеңестік сүңгуір қайықтың бұл апаты, 42 боздақтың ерлікпен қаза табуы, тірі қалғандарының шеккен шексіз қайғы-қасіреті бүкіл халқымыз сияқты біздің де, әсіресе Таланттың жерлестері мен туған-туысқандарының да қабырғасын қайыстырып жіберді. Сол үшін де облыстық партия комитеті мен облыстық Кеңес атқару комитеті І рангілі капитан, құрама саяси бөлімінің бастығы Талант Әметжанұлы Бөріқұлақовтың отбасына, туысқандары мен жақындарына газет арқылы көңіл айтты. Бірақ батырлар бастаған істің ілгері жалғасып, олар жасаған ерліктің халық



Таланттың жұбайы Татьяна, ұлы Артур, қызы Наташа

жадында мәңгі сақталары сөзсіз. Т.Ә.Бөріқұлақовтың ұлы Артурдың осы бір қайғылы күндерде әке жолын қуып, оның ісін ілгері жалғастырамын деп сөз беруі осының айғағы. Таланттың ерлік ісі, тұлпардан қалған тұяқ-Артурдың әке жолын қастерлеуі жерлестердің жүрегін

мақтанышқа толтырады. Біз өле тұрса да өлімді жеңген, апатқа ұшырай тұрса да Отан даңқын жоғары көтерген батырлар рухының алдында басымызды иіп, оларға құрмет көрсетеміз. Батыр көкеміз жайлы ақын Жұмабек Табынбаев ағамыз «Дара шынар» атты шағын дастан

жазса, павлодарлық Қайрат Шабанов ағамыз «Талант үшін домбыра алдыртып едім...» атты естелік жазыпты. Талант Әметжанұлының Қазалы ауданында тұратын інісі, аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы болған Талайлы Әмитжанұлы Клавдия Николаевнаның Әметжан ағамыз дүние салған 1986 жылы, оның да қайтыс болғанын айтыпты. Талант көкеміздің жұбайы Татьяна Ивановна көп жыл мұғалім болып қызмет істеген. Бүгінде қызы Наташамен бірге Ресейдің Нижний Новгород қаласында тұрады екен. Ал Таланттың ұлы Артур болса отбасын құрған. Перзентті болған. Өкініштісі, 2014 жылы көлік апатынан қайтыс болыпты. Ерлік іс ұмытылмауы тиіс. Бүгінгі таңда Қызылорда, Арал қалаларында, Қазалы ауданының орталығы Әйтеке би кентінде Талант Бөріқұлақов есімімен аталатын көшелер бар. Бөріқұлақовтардың бір ұрпағы 1970 жылдары Созақ ауданының прокуроры болып қызмет атқарған Ниетолла ағамыз туралы газетіміздің алдағы сандарында жариялайтын боламыз. Ер есімі ел есінде демекші соңында ерлік пен өрліктің өшпес рухын қалдырған бабаларымыз туралы кейінгі ұрпаққа дәлме дәл жеткізу бүгінгі тірі жүрген біздердің борышымыз деп білемін.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Талант үшін домбыра алдыртып едім...

Бұл сонау алыста қалған 1988 жыл болатын. Әскерге жаңа алынған біз оқу отрядынан Заполярьедегі флотқа келдік. Біз осы жерде алты ай бойы әскери-теңіз бенен су астындағы «өмірдің» қыр-сырын үйрендік. Ол кезде кеңестік Әскери-теңіз флоты мен су астындағы күші керемет жетілген еді. Дүниежүзінде сапасы мен саны жағынан оған тең келетін флот жоқ болатын.

Мен әскерде дайындалған фото-альбомның беттерін парақтап отырып, бір ғажап азаматты еске алдым. Ол ұлты қазақ, бірінші рангілі капитан Талант Әметжанұлы Бөріқұлақов болатын. Ол 1989 жылы 7 сәуірде Медвежий аралына жақын Норвегия теңізінде апатқа ұшыраған «Комсомолец» атом сүңгуір қайығында оқыстан опат болды. Талант Әметжанұлы шындығына келгенде өз заманының ерен тұлғалы азаматы еді. Жас, сымбатты, күш-жігері бойында тасыған, сырт көз сүйсінерлік жігіт болатын. Үстіндегі әскери киімі де өзіне құйып қойғандай еді. Менің онымен алғаш кездесуім экипажда өтті. Лениндік бөлме деген болды. Ол бізбен, яғни жас жауынгерлермен саяси сабақ өткізді. Сабақ деген аты болмаса, мұны әскерге жаңа келіп жатқан жастармен өткізілер тәрбиелік әңгімеге теңестіруге болар еді. Оны қызықтырғаны — біздің матростық тұрмыс-тіршілігіміз. Жиналғандардың әрқайсысымен жекелей танысқан ол араларымызда ән айтатындар немесе музыкалық аспаптарды меңгергендеріміздің бар-жоқтығын сұрады. Өйткені жақында матрос әндерінің округтік слеті өтеді екен. Менің домбырада, гитарада, балалайка мен мандо-

линада ойнайтын өнерім бар еді. Бір қызығы оны мен атаған аспаптар ішінде домбыра қызықтырды. Оның өтініші бойынша қазақтың халық әндерінің бірінен үзінді орындадым. Ол әнді дереу тыңдағаннан кейін маған тездетіп үйге хат жазуымды, ата-анамнан домбыра салып жіберуімді сұрауды өтінді. Сабақ аяқталғаннан кейін екеуміз оңаша қалып сөйлестік. Ол құлаққа жағымды қазақ әуендерін бүкіл флот есту керектігін айтты. Бұдан кейін де бірнеше рет кездестік. Сол кездері

«Үйіңнен домбыра келді ме?» деп сұрайтын. Себебі мені домбырада ән салады деп концерттік бағдарламаға енгізіп қойған екен.

Күн суық. Оның үстіне матростық қызметім жаңа ғана басталып жатыр. Әскери өмірдің алғашқы айлары ғой. Сол себепті де мен ән айтатындай, концертке дайындыққа баратындай жағдайда емес едім. Бірақ соған қарамастан өзімнен шені жоғары жерлесімді сыйлағандықтан және домбыраға деген өзімнің құмарлығым болғандықтан бар жайды айтып үйге хат

жаздым. Ақырында домбыраға қол жетті. Пошта арқылы домбыраның жеткені үлкен қуаныш болды. Барлық флотилиядағы жерлестер домбыраның үнін тыңдау үшін менің жанымға жиналды. Олардың әрқайсысы өз үйлерін, туған-туыстарын, сонымен бірге елде қалған ғашықтарын еске алды. Алайда матрос әндерінің округтік концерті бір себептермен кейінге қалдырылды. Талант Әметжанұлы осы кезде дивизия штабынан теңіздегі әскери қызметке ауыстырылды. Яғни «Комсомолец» атом

сүңгуір қайығында қызмет ететін болды. Оқиға былай болған екен. Өрттің салдарынан қайық жоғары көтеріледі. Экипаж лаулаған жалынмен арпалысады.

Сол кезде Талант өрт шалған матростарды палубаға шығарады. Алайда теңіз қайықты тереңге тарта береді. Соған қарамастан Талант жанындағы жолдастарына рух беріп, көмек болатынын, аман қалатындықтарына сендіргендей болады. Матростар екі сағаттан астам суық судың ішінде жанталасады. Дегенмен, матростардың бірқатары әл-дәрмендері біткендіктен теңіз тұңғығына батып бара жатты.

«SOS» дыбысын әрең дегенде жақын маңда жүзіп бара жатқан бес корабль естіген еді. Солардың ішінен «Алексей Хлобыстов» бірінші жетті. Алайда өте кеш еді. Мұздай су сорған Талант Әметжанұлының денесін палубаға көтерген кезде демі үзіліп кеткен болатын. Ерлік ұмытылмауы тиіс. Қаһармандығы әрі әскери борышын орындау кезіндегі ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен бірінші рангілі капитан Талант Әметжанұлы Бөріқұлақов қаза болғаннан кейін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Матрос әндерінің округтік концерті кейін өтті. Ол Норвегия теңізінде қаза болған моряктарды еске алуға арналды. Басқада өнерпаздармен қатар мұнда сахнаға шығып домбырамен ән салдым. Осылай шыққанымды Талант Әметжанұлы қалап еді. Амал нешік, оған тағдыр менің домбырамның үнін тыңдауды жазбапты.



«Мариновская роща» бағындағы теңізшілер зираты. Горький қаласы

Қайрат ШАБАНОВ, Павлодар қаласы.

Марқұм Қызайым әжеміз өте әңгімешіл кісі еді. Көбіне ашаршылық жылдарда өткен балалық шағын айтып, біздерді тәубеге шақырып отыратын. Өткен күндерін еске алғанда ауыр күрсініп, естеліктер айтқанда күңіреніп кететін. Ол уақыттарда біз бала едік, айтқандарын ертегідей қабылдап, жалықпай тыңдаушы едік. Енді ойлап қарасам, әңгімесінің барлығы өмірде болған шындық екен. Есте қалған біразын ықшамдап, ой салар тұстарын оқырманға ұсынып көрейін. Тоқшылық заманда бір гибраты болар. «Түркістаннан медет тілеп, жан-жақтан босып келген елде есеп болмады. Ауқатты өзбектерге жас қыздарын, болмаса реңді әйелдерін қос уыс бидайға сатқан қазақтарды көрдік».



АШАРШЫЛЫҚ

«Әке-шешем мені үйге жалғыз тастауға қорқып, таудағы диірменге ертіп барды. Жолда аш адамдар қайып сұрап тұрды. Ал тауға жақын-дағанда әкем көзімді орамалмен байлап қойды. Өгіз арба қатты шайқала берген соң көзімді шешсем – жол үсті аштан өлген адамдарға толы екен. Айналып өтуге тау жолдары тар. Басып өттік. Әкем жылап отырды...», «Шешем «жоқ» деп айтуды білмейтін, қолы ашық жан еді. Тамақ сұрап келген аш адамдарға бір үзім болса да нан беретін. Қуанған адамдар: «Жалғыз қызыңның ғұмыр жасы ұзақ болсын!» – деуші еді. Тоқсанға таянғанша тірі жүргенім – солардың шын ниетімен айтқанынан болар». «Ескіше оқығанды қойып, шешем мені жаңа мектепке бергісі келді. Бірақ әкем келіспеді. Өйткені етженді, толық балаларды аш адамдар ұстап жеп қойғанын көзбен көрген екен», «Пәленше деген адам етін жеп, күн көріп жүр екен» дегенге тағалмайтын заман еді... «Бір ауқатты кісі аштарға көже таратты. Біз де бардық. Көжеге таласқан еркектер шешемді таптап өлтіріп кете жаздады. Адам ашық-қанда еркек, ұрғашыға қарамай қалады екен. Ар-ұят, сыпайылықтан жұрдай болады», «Нағашым таудағы диірменнен келе жатып, қайтар жолын бір ауылдасы аңдып тұрғанын байқайды. Жағдайды түсінген нағашым бір уыс бидайды шүберекке түйіп, аулаққа лақтырады. Әлгі соған қарай жүгіргенде, жолдан өтіп кетеді. Кейінірек тоқшылық болғанда екеуі осыны еске алып жылаған екен. –Сол кезде сен амал таппағанда, өлтіруге бекінген едім»,–депті. «Өз баласын жегендер де болды. Әсіресе еркектер жыртқыш хайуанға айналды. Ерлерге қарағанда әйелдер аштыққа да, азапқа да шыдамды келеді екен», «Суда-балықты, жерде-тышқанды қолы жеткен адам ғана жейтін. Ораза мен айттың тоқтықта екені де, қара судың қарға адым жерге жеткізетіні де, адамның ит жанды екені де рас. Оны мен осы жасымда көзбен көрдім де, басымнан өткердім де»,–деп отырушы еді жарықтық.

Мен бұл ауылға қалыңсыз келген қызбын, – деп жалғайтын әңгімесін. «Ақырбайдың баласы аштан өлген заманда» қалың мал сұратып, жасауымды жайқалтып келетін жағдай қайдан болсын. Сол аласапыран жылдарда әкем көмеспекке ілігіп айдалып кетті. Артынша шешем қайтыс болды. Жетім қалған атақты Қайып байдың жалғыз қызын ағайындар осы Шаға ауылының Досжанұлы Тойкен деген жігітіне тұрмысқа берді.

Мен келгенде бұл ауыл өз алдына жеке колхоз еді. Сол жылдары колхозды Бидәулет Мүлкібайұлы басқарып тұрды. Ол кісіні бәріміз «Би аға» дейтінбіз. Жарықтық Би аға айтар сөзге шешен әрі өте көреген кісі еді, 1937 жылы жазықсыз ұсталып, «халық жауы» деген жаламен сотталып кетті. «Ұлтың қазақ, жерің Созақ-саған да он жыл» деп, ат үстінде отырып шығара салатын атақты үкіммен кесіліп кеткен екен. Осы Шаға ауылының ашаршылық жылдардан аман өтуіне әуелі Құдай, одан кейін бір адамның септігі тиген болса, ол–осы Бидәулет қайнаға», – деп еске алар еді марқұм. Бидәулет Мүлкібайұлы туралы ел аузында сақталған әңгіме көп. Бүгінде Тау Шаға мен Бала Шаға аталатын екі өзеннің ортасында кең жазықты сазды алаңқай бар. Сол жерде 1932 жылдары Сұлтанбек Қожанов келіп жиын өткізген дегенді бала күнімізде қариялардан жиі еститінбіз. Өзінің туған жері Ақсұмбе мен Балықшы әулиеге дейінгі тау бөктерін жайлаған жұрттың ішінен ел ағаларын жинап, ашаршылыққа қарсы кеңес өткізген деседі. Бұл жиынға Бидәулет Мүлкібайұлы да қатысып, Сұлтанбек Қожановтың рұқсатымен колхоз малынан 150 бас ешкі жаздырып алады. Бидәулет сол 150 бас ешкіні тауға жасырын бақтырып, ашыққан елге төлін жегізіп, сүтін ішкізіп, бүтін бір ауылды ашаршылықтан аман алып шыққан деседі.

Марқұм әжемнің: «Бұл ауылдың бүгінгі ұрпағы бір адамға өмірімен қарыздар болса, ол – Бидәулет би», – деп отыратыны осыдан болса керек. Ал, одан беріде өзім ізденген нақты архивтік деректерге сүйенсек, Бидәулетті айыптау тізімінде: «Шаға колхозының төрағасы Бидәулет Мүлкібаев 1932 жылдары колхоз малын талан-таражға салды. Ол өзімен рулас елді маңайына топтастырып, контрреволюциялық билік құрды. Олар 60 түтін», – деп анық жазылған. Тағы бір архив деректерінде: «Мүлкібаев Аллаху көтерілісін бастаушы Сұлтанбек ханмен тығыз байланыста болған. Ол Сұлтанбек Шалақовтың тау шатқалдарына бекінген мергендер тобын азық-түлікпен қамтамасыз еткен», – деп көрсетілген. Бұл енді бөлек әңгіме.

Кейде бір ауылды ашаршылықтан аман алып қалған Бидәулет Мүлкібайұлына сол өзі туған Шаға ауылындағы жалғыз мектепке атын берсе де болар еді деген ойға қаламын. Бірақ біздердің қуғын-сүргін құрбандарын еске алғанда жанарымыз жасқа тола жаздайды, ал оларды ұлықтауға келгенде жүрегіміз қатай-

ып шыға келетіні жаман. Бұл асыл азаматтың артында бүгінде ұлдарынан ұрпақ та қалған жоқ. Ашаршылықта бүтін бір ауыл жұртының өзегін жалғап, өмір сыйлаған асылдың тұқымы осымен үзілді. Өзі сол кеткеннен қайта оралмаған. «Ол уақыттың он жылы – барса келмес» деген рас екен. Тіпті сүйегінің қайда қалғаны туралы да нақты дерек жоқ. Әжемнің айтуынша, Бидәулет домбыра шертетін кісі болған. Ел арасында «Бидәулеттің жарты күйі» деген күйі қалған. Жарықтық өзінің күні таяп, ұсталарын сезсе керек, жақындарын қасына жинап қоштасу күйін шертіп отырғанда, НКВД жендеттері келіп, қолына кісен салған екен. Содан қостасу күйі аяқсыз қалғандықтан, ел арасында «Бидәулеттің жарты күйі» деп аталып кеткен деседі. Бидәулеттен кейін колхозға менің шалым Тойкен төраға болды. Ол да опа таппады. Артына түскен адамдар домалақ арызды қарша боратып, ақыры қаматып тынды. Қайта мұның татар дәмі бар екен – 10 жылға жуық түрмеде отырып, отбасына аман-есен оралды, – деп отыратын әжем. Ашаршылық жылдардың азабы туралы әңгіме жалғыз бұл емес. Осы орайда атақты Шүлен көже жайлы да жаза кетпесек, тарих алдында қиянат жасаған боламыз. Созақ жұртының байырғы тұрғындарынан Шүлен көженің дәмін татпағаны жоқ десе де болады. 1928 жылдары «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген қып-қызыл ұранмен бас-талған нәубет 1930 жылы ақпанда халықтың ашу-ызасын тудырып, атақты Созақ көтерілісіне себепкер болды. «Көтеріліске қатысты» деген айыппен мыңдаған адам сотсыз, сұраусыз атылып кетті. Қасақана жасалған ашаршылық жылдармен қабат келген құрғақшылық та елдің еңсесін езіп жіберді. Жау жағадан алғанда, етекке жармасқан шолақ белсенділердің де ызасы әбден өтті. «Жұт жетеу, содырмен сегіз» дегендей, шолақ белсенділер не көрсетпеді бұл елге?! Оған қоса аштықтан тараған ауру да жығылған жұртқа жұдырық болды. Сұмдығы бірінен-бірі өтіп, ағайынды жеті жұт қатар келген Созақ даласының аспанын қара бұлт басып тұрды. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» деген заман келді. Жан сауғалап күнгейге қарай ауған ел ата мекенін тастап кетуге мәжбүр болды. «Арпа, бидай – ас екен, алтын, күміс – тас екен» дегеннің кері келді. Дүние-мүлкі мен үйлерін тастап, азық іздеп босқан ел Қаратаудың биік асуларынан өте алмай қырылған деседі...

Қалған елдің бас көтерер азамат-

тарын «халық жауы» деген сылтаумен ұстап әкетті. Алдындағы малынан айырылған ел аштан өлмеудің қамын жасап, Қайнар бұлақтың суын пайдаланып егіс екті. «Осы астық қашан пісер екен», – деп кетпеніне сүйеніп тұрып үзіліп кеткен адамдардың болғанына тарих куә. Осынау зұлмат жылдарда Сұлтанбек Қожановтың ұйымдастыруымен Қайнардың қырында тай қазандар асылды. Елдегі бар астықты ортаға салып, қамбаның түбі қырылып, Шүлен көже жасалды. Табылған дәннің барлығын араластырып қайнатқан быламықты халық «Шүлен көже» деп атады. Күніне бір мәрте берілетін көжеге кезекке тұрған аш адамдардың соңы Созаққа дейін (үш шақырым) жетті деседі. Ата-бабаларымыздың өзегін жалғап, өлімнен аман алып қал-

ған Сұлтанбек Қожанов пен Шүлен көжені біз есте ұмытпауымыз керек... Қазіргі уақытта Созақ ауданы уран өндірісі арқасында донор аймаққа айналды. Халқы бай, қуатты өмір сүріп жатыр. Алпаға шүкір! Созақтың бүгінгі кейбір байларына қарап тұрып, осы бір тарихи оқиғалар есіме түседі. Аузыңнан ақ май аққан бүгінгі күнге, кешегі Шүлен көженің арқасында жеткендеріңді ұмытпаған абзал. Бәріміз де осы бір тостаған Шүлен көжені ішіп тірі қалған қара шалдың ұрпағымыз, ағайын. «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» дегендей, ұмыт болуға айналған Шүлен көжені еске салып, ел арасындағы астамсыған жандарды тәубеге шақырғым келеді. Бала күнімізде қариялардың әңгімесінен:

«Ашаршылық жылдарда Жаужұмырдың тамырын талғажау етіп жан сақтадық», – дегенді жиі еститінмін. «Аздаған арпа, бидай егіп, егіннің дәні қатайғанша Жаужұмырдың тамырын қазып жеп күнелтуші едік. Заманында бай болып, алдына үйірлеп жылқы айдаған талай қазақтар Мойынқұмның жалдарын кезіп, тамыр қазып жегенін де көрдік, ой, заман-ай!»–деп отырушы еді жарықтықтар. Сол Жаужұмыр біздің Созақтың даласынан іздегенге әлі де табылады. Іздегенде енді, ондай нәубеттің бетін аулақ қылсын, тамырын да жегізбесін! Менікі тек – ашаршылық жылдарда ата-бабамыздың өзегін жалғап, өлімнен алып қалған сол Жаужұмырды кейінгі ұрпақ біле жүрсе деген ой ғана. Мына батыстың даласында елді аштықтан аман алып қалған Құмаршық деген дәнді өсімдік өседі. Бүгінде сол Құмаршыққа Атырау қаласынан үлкен ескерткіш тұрғызылған. Жергілікті жұрт:

«Құмтөбеге шыққан бар ма, Құмаршық дәнін жеген бар ма», – десіп, күңірене еске алысып отырады.

Біздің де Созақ ауданында мектептерде айтылып, ауданында орталық өлкетану музейіне Жаужұмырдың суреттері ілініп, тарихы жазылып, насихат жұмыстары жүргізіліп тұрса – тоқшылық заманда бір гибраты болар еді. Сонымен қатар ауданымызда «Шүлен көже күні» белгіленіп, ашаршылық құрбандарын еске алып тұрсақ–ел құптарлық іс болар еді. «Әлі разы болмай, тірі байымайды» дегендей, тарихқа тағзым, ата-баба әруағына құрмет көрсетсек, халықтың да алғыстан басқа айтары жоқ!

**Айдар ТОЙКЕНОВ,
Таукент кенті.**

Жүрегіңіз мейірім мен қуанышқа тола берсін!

Құрметті Әзімхан Кеңесұлы!

Сізді 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өмір жолыңыз—өнегеге толы, еліңіз бен ұжымыңыз үшін сіңірген еңбегіңіз зор. Сабырлы мінезіңіз бен ақыл-парасатыңыз, адалдығыңыз бен еңбекқорлығыңыз жастарға әрдайым үлгі болып келеді. Алдағы күндеріңіз қуанышқа, отбасыңыз амандық пен берекеге толы болсын! Жастығыңыздағы жігер, өмірге деген құлшыныс пен еңбекқор рух әрқашан серік болсын. Жасыңыз құтты болсын! Шаңырағыңыз шаттыққа, жүрегіңіз мейірім мен қуанышқа тола берсін!



Ізгі тілекпен:
Ш.Уалиханов атындағы жалпы білім беретін мектептің ұжымы.

Хабарландыру

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024-2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2025 жылдың қараша айының 25 жылдысында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Табиғат-тал бесік

Жер бетін мекен тұтқан барша адамзат баласы болсын, жалпы тіршілік иелері болсын, айнала өздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Расында айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс бір бірлерімен үйлесіп қашанда жер анаға сән беріп тұрады. Сонда да болса ашкөз адамдар тарапынан жіберіліп отырған қорқауға тән зияндылықтар, олқылықтар ашкөздік танытып жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты рұқсатсыз беталды атып құрту, қолдан өрт тудыру сынды қасіреттер табиғат байлықтарына адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі-таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жаса-сақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білеміз.

Е.Амангелді,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Орманды өрттен қорғайық!

Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Олардың басым көпшілігі— сөндірісүз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңызсақ, соңы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл желек отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Мұрат Досболов,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Сыбайлас жемқорлық— заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта таныт-

Қоғам дертімен күресейік!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары

Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік

пай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі—ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Ғабит Мұсабеков,
Созақ аудандық статистика басқармасының бас маманы.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Сыбайлас жемқорлық— заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік

және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі—ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Х.Оспанов,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Менингит аурушандығының алдын алу

Менингит—ми қабықшаларының қабынуымен жүретін қауіпті жұқпалы ауру. Оны вирустар мен бактериялар тудырады. Ауру тез дамып, ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін.

Негізгі белгілері:

- дене қызуының көтерілуі,
- қатты бас ауруы,
- мойынның қозғала алмауы,
- жарыққа сезімталдық,
- есінің шатасуы, құсу.

Жұғу жолдары:

Менингит ауа-тамшы арқылы, яғни жөтелгенде, түшкіргенде немесе тығыз қарым-қатынас кезінде жұғады.

Алдын алу шаралары:

- менингитке қарсы екпе алу,
- жеке гигиенаны сақтау,
- бөлмені жиі желдету,
- науқастармен жақын қатынастан сақтану.

•иммунитетті күшейту.

Қорытынды:

Менингит — қауіпті, бірақ алдын алуға болатын ауру. Уақытында вакцина алу және тазалық сақтау — ең тиімді қорғаныс.

Х.Оспанов,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Орының болсын жәннаттың кең төрінен

Шолаққорған ауылының тұрғыны, ардақты әже, асыл ана, кимас бауыр, ағайын-туыстың ортасында ақылшы да сыйлы болған аяулы жан **Бахтиярқызы Ұлбала** анамыздың дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл анамыздың жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Мейір шуақ шашып өттің көңілден,

Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден.

Сыйлы едің көпшілік жұрт, туысқа,

Өнеге алып өстің ұрпақ өзіңнен.

Енді Алла шапағына бөленіп,

Орының болсын жәннаттың кең төрінен,— деп, анамыз Ұлбала Бахтиярқызының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, нағашылар, жиендер мен бөлелер, дос жарандар, әріптестер және көршілердің есіне саламыз.

Ас-22 қараша күні (21 қараша—қонақ асы, сағ: 18:00-де) Шолаққорған ауылы Ә.Молдағұлова көшесіндегі №63 өз шаңырағында сағат 12:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар:
Айдаровтар әулеті.



Теріскей деп танылған киелі қарт Қаратаудың етегіндегі қасиетті Созақ даласы, талай тарихи оқиғалардың куәсі болғаны тарихтан мәлім. Соның бірі—өз уақытында—Мұхаммед пайғамбардың аманатын сақтаушы Арыстан бабпен және Түркістандық әулие Қожа Ахмет Яссауимен замандас болған Қарабура Әулиенің халық арасында аңыз боп айтылып жүрген өмірі. Қарабура Ақтан сопы (лақап аты Қарабура әулие), аңыз—әңгімелерде—Бұхарназар деп те аталады. XI ғасырдың соңы мен XII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген тарихи тұлға. Орта Азияда ислам дінінің орнығуына елеулі ықпал еткен Қарабура әулиенің —(Қарабура хан) ұлт тарихынан алар орны ерекше. Қарабура қазақ даласында Қаражан мемлекетінің шаңырақ көтеріп, ірге бекітіп, нығаюына аса белсенділікпен атсалысқан, жойқын үлес қосқан ірі тұлға. Әсіресе, сахарада ислам дінін уағыздап орнықтыруда Қожа Ахмет Яссауи мен Қарабура тізе қосып, қажыр—қайрат, мақсат—мүдделерін ортақтастырған. Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Баба



Қарабура-

түркі жұртына ортақ тұлға

Түкті Шашты Әзіз, Ысқақ баб, Баба—ата, ӘбдіЖәлил баб—Хорасан Ата, Укаш ата секілді әулиелер қатарында халық Қарабураны да айрықша пір тұтады.

Сонау, XII ғасырдың өзінде—ақ, өзінің әділдігімен, көріпкелдігімен, болжағыштығымен, ғажайып іс—әрекеттерімен де қалың елді таң қалдырған. Қасына қалың топты топтастыра білетін Қарабура бабамызды халықтың әулие деп атауы да бекер емес. Өйткені ол, дерттеріне ем іздеушілерге әрдайым көмек қолын созып, шипагер атанған. Бабамыздың рухының күштілігі сондай, ол кісінің дүниеден өткеніне қаншама ғасырлар өтсе де, жергілікті Созақ өңірінің тұрғындары оны кеше ғана көрген әулиесі секілді тағзым етеді. Қарабура хан ел басқаруда өзіне де, өзеге де, барлық билік өкілдеріне де төрт түрлі ұстамды талап қойған. Бірінші—әділет, әділеттілік; екінші—адалдық, тазалық; үшінші—білімділік, батылдық; төртінші—адамгершілік, имандылық. Сондай—ақ, Қарабура хан мұсылман дінін таратушыларды қолдай отырып, мыңдаған сауатты жастарды ел арасына жіберіп мұсылман дінінің маңыздылығын түсіндірген. Діни сауаты бар азаматтарға молда, қажы, ғалым деп құрмет көрсеткен. Осылайша жоғарыда айтып өткеніміздей Орталық Азияда мұсылман дінінің қалыптасуына, Қарабура хан ұлан—асыр үлес қосқан. Осы орайда атақты Жүсіп Баласағұн Қарахан мемлекетіндегі Қарабура ханның хандық дәуірін, ел басқарудағы ұстанымдары мен ынтымағын Ислам дінінің тазалығын «Құтты—Білік» деген дастанында жазған. «Құтты—Білікпен» танысқан соң Қарабура хан Жүсіп Баласағұнға «Хас—Хажип» деген атақ береді. Ол хан сарайының

Эссе

бас ақылшысы, бас уәзірі деген мағынаны білдіреді екен. Көп ұзамай «Құтты—Білік» дастаны Еуропа, Азия елдеріне тарайды. «Құтты—Білік» бұл білімділіктің игі ісі еді. Сол кездің өзінде—ақ, Жүсіп Баласағұнның «Құтты—Білік» кітабы атақты ғлама ойшылдар мен философтар, ірі ғалымдардың еңбектерімен қатар тұрған.

Қарабураның отбасына келетін болсақ, оның әкесі—Ибраһим Әбдітама. Қарахан елінің бас муфтиі. Ал баласы—Төрехан әулие. Қарабура хан өзінің қызы Бегім сұлуды оғыз қыпшақтарының ханы Санжар сұлтанға ұзатқан. Тағы бір қызы Әмбар бибінің ислам дінінің ірі өкілі, ғлама ғалым Сүлеймен Бақырғаниға ұзатып, одан туған немере қызы Айша Бибі Сүлеймен Бақырғани өлген соң, екінші әкесі Зеңгі бабаның тәрбиесінде болған. Ол Тараздағы ғашық жары қарахан патшаға барар жолдаа жылан шағып өмірден озған. Айша Бибі кесенесі Тараз маңында. Сондай—ақ, Ташкенттен 12 шақырым жерге Әмбар Бибінің, Қызылорда облысында Бегім сұлудың кесенелері бар. Қарабураның өзіне қойылған белгілер Қытайда, Қашқарда, Иранда, Туркияда, Тәжікстанда, Қырғыз елінде аз емес.

Қожа Ахмет Яссауи дүниеден өтерде өзінің дарынды шәкірттерінің бірі болған Қарабура әулие келгенше, денесін ешкім ұстамауын, жерлемейін, тек қана—Қарабура әулиенің ғана жуындырып, жаназасын шығарып, жерлеуді ұйымдастыруын ерекше аманаттаған екен. Аманат бойынша сопының денесіне ешкім қол тигізбей, Қарабураны күтеді. Ал оның қашан келері белгісіз еді. Содан күте—күте

шыдамдары таусыла бастаған жұрт, «мүрдені ақтық сапарға шығарып сала берейік» дей бергенде, батыс жақтан қара қою шаң көрінеді. Сөйтсе бұл Қарабура тұлпарының шапшаң жүрісінен көкке көтерілген шаң екен. Осылайша ол, Қожа Ахмет Яссауи жуындырып, көбіндеп, жаназасын шығарып, барлық жерлеу рәсімдерін жоғары деңгейде орындап, мәңгілік мекеніне аттандырған. Бұл аңыз емес, ақиқат.

Қарабура әулиенің өмірінің соңғы жылдары Созақ өңірінде өтеді. Өңірдегі тайпалардың рухани өміріне үлкен өзгеріс енгізіліп, исламға көздерін аштырған Қарабура әулие, жергілікті тайпалар үшін өте құрметті де қадірменді, сыйлы да дуалы тұлғаға айналды. Аңыз—әңгімелер деректеріне зер салар болсақ, Қарабураның өзі: «Түйем шөккен жерде дүниеден өтіп, жерленемін деген екен». Түйесі қасиетті Созақ жерінде шөгіп, осы жерге Қарабура қолындағы аса таяғын қадап дүниеден озыпты деседі. Осылайша, Қарабура әулие кесенесі Созақ ауданының Созақ ауылында орналасқан. Алғашқыда әулиеге салынған кесене төрт бұрышты, ішкі жағынан ені 4м, биіктігі 4м болған.

1997 жылы жеке кәсіпкерлердің қолдауымен әулиенің басына қайтадан жаңартылып, жаңа кесене тұрғызылған. Оның жалпы аумағы 240 шаршы метр. Кесене ақ кірпіштен өрілген. Әрқайсысы сегіз қырлы екі бөлмеден тұрады. Төбесі күмбезді, бірінші бөлмесі 100 шаршы метр, төбесі ашық. Екінші бөлмедегі ескі кесене XIV ғасырда тұрғызылған. Қарабура әулиенің мүрдесі осы ескі кесене-

де жатыр. Ескі кесененің оң жағында Құрбан Атаның мүрдесі, ал жанындағы қара мәрмәр тас белгіде Мұхаммед пайғамбардың, Арыстан баб пен Қожа Ахмет Яссауидің, Ысқақ баб пен Баба Түкті Шашты Әзіздің қабірлерінен әкелінген топырақтар қойылған. Ал кесененің артқы тұсында Хақназархан, Шілмембет би, Құлтас би және тағы да басқа белгілі адамдардың сүйегі жатыр. Кесененің солтүстік бетінде әулиенің бұрасы шөккен тұсқа түйенің тас мүсіні қойылған. Жалпы кесененің аумағы жоғарыда айтып өткеніміздей 240 шаршы метрді құрайды. Биіктігі 17 метр. Күмбез қышпен қаланған, сыртында «Әулиелерге тағзым» деген жазуы бар қорым орналастырылған. Ол жерге де атақты адамдардың бастарынан арнайы топырақ әкелініп, есімдері жазылған мәрмәр тастар қатарынан қойылған. Ал, шығысында қазаққа кеңінен танылған сазгер күйші Сүгірдің күмбезі бар.

Иә, осылайша бүгінде Қарабура кесенісінің жан—жағы көркейіп, айналасы Орталық Азияда жоқ пантеонға айналған. Бұл жер бүкіл Түркі әлеміне ортақ киелі санала-

ды. Бүгінде қасиетті орынға айналған Қарабураның бұл кесенесіне келушілер өте көп. Қазақстаннан бөлек Қырғызстаннан, Өзбекстан, Ресейден, тіпті Германия мен Венгриядан тағы басқа да шетелдіктердің қызығушылығын тудырған киелі орын, тылсым күштерімен танымал. Осы орайда мемлекет қайраткері, белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев: «Қарабура—әлденеше ғасыр бойы ауыздан түпсей келе жатқан есім. Қиналғанда медет болар қуат, шамданғанда қайрат бітіретін ұран» дейді. Бүгінде әулиенің жатқан жері жергілікті тұрғындар үшін тағзым етер жердің біріне айналып, әртүрлі ауруға, жан дүниесі қиналысқа түскен адамдардың дертінен айығуға, сәби сүюге деген ниеттілердің зор сеніммен түнделетіп қонатын жеріне айналды. Сондай—ақ, Қарабура әулиенің басында үлкен ағаш бар. Даулы болғандар оның шыбығын басында ұшынан сындырып анттасады екен. Егер адал болсаңыз сүт, қиянатшыл болсаңыз қан таматын көрінеді. Сондықтан да көпшілік ол ағашты күтіп ұстауға дағдыланған.

Ауылыңнан алғыр шықса атың озады демекші, бүгінгі таңда Қарабура әулиенің аты аталса Созақ ауданының да аты қоса аталады. Өйткені елдің атын елін сүйген ерлері ғана шығаратыны тарихтан мәлім. Осындай, елін сүйген ерлердің де еңсесі биіктейді. Елге қылған жақсылықтар ешқашан еленбей қалмайды. Сондықтан да, Қарабура қазаққа ғана емес, күллі түркі жұртына ортақ тұлға.

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисті.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:

Аға тілші-

Данияр БЕКОВ

Тілші

Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ

Дизайнер-

Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терімші-

Бағила АЯЗБАЕВА

Фототілші-

Құрманш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігінің және желілік басшылығымен есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев